

Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №76**  
**(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

**«21» тамызға 2024 ж.**

**(бюллетеннің әрекет ету аралығы «20» тамыз күні 20 сағаттан «21» тамыз күні 20 сағ. дейін 2024 ж.)**

***құрастырылған уақыты: 20.08.2024 ж.***

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1  
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Тойшыманова А.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Букабаева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: ugpastana@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-53-38	e-mail: seli@meteo.kz

**2024 жылғы «21» тамызға  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

<b>Іле Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,3 мм), найзағай. Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 10-15 градус жылы.
<b>Күнгеі Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,3 мм), найзағай. Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градус жылы.
<b>Теріскей Алатау</b>	Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,3 мм), найзағай. Шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градус жылы.
<b>Жетісу Алатау</b>	Күндіз кей жерлерде аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,9 мм), найзағай. Оңтүстік-батыстан, батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. <b>2000 м:</b> ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 15-20 градус жылы. <b>3000 м:</b> ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 14-19 градус жылы.
<b>Қырғыз Алатау</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с болады. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 22-27 градус жылы.
<b>Талас Алатау (Жамбыл облысы)</b>	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с болады. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 22-27 градус жылы.
<b>Талас Алатау (Түркістан облысы)</b>	Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 18-23 градус жылы.
<b>Өгем жотасы</b>	Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 20-25 градус жылы.
<b>Маңғыстау таулары</b>	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-шығыстан, шығыстан, күші 7-12 м/с. Ауа температурасы түнде 17-22, күндіз 31-36 жылы.
<b>Сауыр</b>	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 5, күндіз 23-28, кей жерлерде 13-18 градус жылы.
<b>Тарбағатай</b>	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Оңтүстіктен, оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.
<b>Қазақстандық Алтай</b>	Күндіз кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 8, күндіз 23-28, кей жерлерде 18 градус жылы.

## **2024 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу**

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің ауытқуы бақыланды. Мыңжылқы – Кіші Алматы ө., саға – Құмбел және Есік қ. – Есік ө. гидрологиялық бекеттерінде су деңгейі 2 см-ге дейін көтерілді. Температуралық фон 3 °С-тан 19 °С оң мән аралығында. 20 тамызда таңғы сағат 5 те нөлдік изотерма 3860 м биіктікте болды.

**2024 ж. "20" тамыздағы  
Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м <sup>3</sup> /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 19.08	Мин. 19.08	08 сағ. 20.08	Күндіз 19.08	Түнде 20.08	Орт. 19.08	08 сағ. 20.08	Орт. 19.08	Макс. 19.08	08 сағ. 20.08		
1	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС	3017	8.0	2.6										
2	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС ГБ	3017			5.0			273	272				+2	*
3	Кіші Алматы	Тұйықсу а/б ГБ	2466			12.0			563	560				-1	*
4	Кіші Алматы	Шымбұлақ МС	2200	17.6	9.0										
5	Кіші Алматы	Сарысай ө. сағасынан төмен ГБ	1928			14.0			289	287	4.36	4.36	4.12	-2	1
6	Кіші Алматы	Медеу ГБ	1700			14.0			122	120				0	*
7	Батарейка	Просвещенец д/ү ГБ	1569			17.0			50	49	0.10	0.11	0.09	-2	0
8	Кіші Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			15.0			195	194	3.13	3.13	2.96	-1	*
9	Бұтақ	Бұтақ а. ГБ	1475			18.0			251	250				-1	1
10	Үлкен Алматы	Көлден 1.1 км биіктікте ГБ	2654			9.0			333	332	11.0	11.4	10.6	0	*
11	Үлкен Алматы	Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары ГБ	1471			19.0			280	280				0	*
12	Құмбел	саға ГБ	2150			11.0			97	97				+2	0
13	Проходная	саға ГБ	1422			12.0			290	286	3.79	3.96	3.15	-3	0
14	Терісбұтақ	саға ГБ	1362			14.0			211	211	1.29	1.29	1.29	0	*
15	Қаскелен	Қаскелен қ. ГБ	1133			19.0			305	303	9.5	9.8	9.0	-3	*
16	Түрген	Таутүрген а. ГБ	1054			19.0			149	141				-7	3
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			17.0			236	236				+1	*
18	Талғар	Талғар қ. ГБ	1199			18.0			222	219				-3	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ	2500	12.2	5.1				889	903				+20	*
20	Баянкөл	Баянкөл а. ГБ				12.0			143	136				-6	3
21	Көктал	Аралтөбе а. ГБ				14.0			232	230	9.02	9.02	8.34	-2	*
22	Мерке	Улбугуй қыс. ГБ							131	129	6.44	6.78	6.10	0	*

Ескертпе:

\* - деректер жоқ

## «21» тамызға 2024 ж.

## Қазақстанның таулы аумағына жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар сызығы 3900 м биіктікке орналасқан. Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 3860 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы жоғары. Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Күндіз аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Теріскей Алатауы	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Күндіз кей жерлерде аздаған өткінші жаңбыр (0,0-0,9 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Ауа температурасы салыстырмалы төмен. Мұздықтардың еруі шамалы. Күндіз кей жерлерде жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. <b>Қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>

**Сел қауіптілігінің деңгейі (5 Қосымша)**

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (6 Қосымша)**

## Сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдығының жоғары болуы және негізінен таулардан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, болжанатын сұйық жауын-шашынның мөлшерінің жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне потенциалды қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Сел қалыптасуының потенциалды ошақтары болған кезде төмен таулы аймақтағы салыстырмалы түрде төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Төмен таулы аймақтағы селдің пайда болу аймағындағы адамдар үшін потенциалды қауіптілік</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның, сел пайда болу ошақтарының болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

Ақпаратты пайдалану кезінде "Қазгидромет" РМК-ға сілтеме міндетті

## Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.